

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
"РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ПО
АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ"

Сарткы мемлекеттік қаржылық бақылау актісі

2015 жылғы "06" қараша
2015. дана

" " 20 года

Талдықорған қаласы

Бақылау объектісінің атауы: «Алматы облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі Мекеме деп аталады). Алматы облысы Әділет департаментінің Талдықорған қаласы Әділет басқармасында тіркелген. Занды бақылау нысаны мемлекеттік тіркеу нөмірі 2013 жылдың 29 шілдесінде №1907-01/13-737 берілген. БСН 130740021271, СТН 092200239701, ЖСК KZ93070102KSN0901000, БСК KKMFKZ2A, код 2841001. Занды мекенжайы: Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Желтоқсан көшесі 222 үй, телефон 8 (7282)24-05-95.

Бақылаудың үлгісі: Сәйкестікке бақылау.

Бақылаудың түрі: Тақырыптық.

Бақылау жүргізуге тапсырма:

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі О.Сарсеновтің 2015 жылғы 20-шы қазанындағы № 02-16/22-434-Т тапсырмасы.

Бақылауды жүргізді: Бақылау іс шараларын атқару бөлімінің басшысы А.Жүнісбеков.

Бақылаудың мақсаты: Жергілікті бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасының бюджет және басқа да заңнамаларына сәйкестігін бақылау.

Бақылаудың мәні: Бюджеттік бағдарламалар, мемлекеттік мекеменің бюджет қаражатын иеленушілер мен алушылардың нақты қызметі арқылы жүзеге асырылатын бюджет қаражатын және мемлекет активтерін пайдалану процесін бақылау.

Бақылаумен қамтылған кезең:

2014 жылғы маусым - 2015 жылғы қыркүйек.

Бақылау жүргізу мерзімі:

2015 жылдың 22 қазанынан 2015 жылдың 06 қараша аралығы.

Бақылау объектісінің лауазымды адамдары:

Бақылау басқарма басшысы Ж.Алчимбаеваға хабарлама арқылы ескертіліп, мекеменің инспекторы Р.Тілеуқабылованың қатысуымен жүргізілді. Бірінші қол қою құқығы 2013 жылдың 01 шілдеден бастап 2014 жылдың 19 тамызына дейін – басқарма басшысы Лепесов И.Б., 2014 жылдың 19 тамызынан бастап 2014 жылдың 14 қазанына дейін – басқарма басшысының м.а. әкімшілік және

000240

"Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі	
Кіріс №	432
"10"	11 2015 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ "АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ТУРИЗМ БАСҚАРМАСЫ" МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	
КІРІС №	1500
2015 ж. 06. 11	

1

Олеа

қаржылық жұмыстар бөлімінің басшысы Садықов М.Ф., 2014 жылдың 14 қазанынан бастап 2015 жылдың 29 мамырына дейін – басқарма басшысы Жанабай С.К., 2015 жылдың 29 мамырынан бастап 2015 жылдың 13 шілдесіне дейін – басқарма басшысының м.а. инфрақұрылым және ішкі туризмды дамыту бөлімінің басшысы Ермухамбет Т.Е., 2015 жылдың 13 шілдесінен бастап осы уақытқа дейін – басқарма басшысы Ж.Алчимбаевада. Екінші қол қою құқығымен 2014 жылдың 03 науырызынан бастап 2014 жылдың 19 тамызына дейін – әкімшілік және қаржылық жұмыстар бөлімінің басшысы Садықов М.Ф., 2014 жылдың 19 тамызынан бастап 2014 жылдың 14 қазанына дейін – әкімшілік және қаржылық жұмыстар бөлімінің бас маманы Абуғалиева А.Н., 2014 жылдың 14 қазанынан бастап 2015 жылдың 23 қыркүйегіне дейін – әкімшілік және қаржылық жұмыстар бөлімінің басшысы Садықов М.Ф., 2015 жылдың 25 қыркүйегінен бастап осы уақытқа дейін басқарма инспекторы Р.Тілеуқабыловада.

Бұрынғы бақылаулардың нәтижелері туралы мәлімет:

Алматы облысы бойынша Тексеру комиссиясының бас маман- бас бақылаушы-тексерушісі Қ.Ожаров 01.09.2013ж.-31.05.2014ж. аралығына бюджет қаржытын және мемлекет активтерін пайдалануына тақырыптық бақылау жүргізген (Акт 11.07.2014ж), бақылаумен бұзушылықтар анықталмады.

Жүргізіліп отырған бақылау нәтижелері туралы мәлімет:

Мекеменің ережесін Алматы облысының әкімдігінің 2015 жылдың 23 ақпандағы №92 қаулысымен бекітілген. Мекеменің меншік иегері және құрылтайшысы Алматы облысының әкімшілігі. Мекеменің негізгі қызметі туристік саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру болып табылады.

Бюджеттік өтінімдерді жасау және ұсыну тәртібінің сақталуы, жасалған шығыс есептерінің қаржыландыру жоспарларында көзделген бюджеттік сыныптама кодтарына және экономикалық классификатор ерекшеліктеріне сәйкестігі. Қаржыландыру жоспарының орындалуы.

Қаржыландыру жоспарының орындалуы:

2014 жыл

001-«Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша міндеттемелер және төлемдер бойынша нақтыланған қаржыландыру жоспары бойынша 26109,0 мың теңге, бақылаумен қамтылған кезеңде төленген міндеттемелер 16982,0 мың теңге, нақты шығыс 16982,0 мың теңге.

002-«Ақпараттық жүйені құру» бюджеттік бағдарламасы бойынша міндеттемелер және төлемдер бойынша нақтыланған қаржыландыру жоспары бойынша 187259,0 мың теңге, бақылаумен қамтылған кезеңде төленген міндеттемелер 151267,8 мың теңге, нақты шығыс 151267,8 мың теңге.

004-«Туристік қызметті реттеу шығындары» бюджеттік бағдарламасы бойынша міндеттемелер және төлемдер бойынша нақтыланған қаржыландыру жоспары бойынша 49104,0 мың теңге, бақылаумен қамтылған кезеңде төленген міндеттемелер 34867,5 мың теңге, нақты шығыс 34867,5 мың теңге.

032-«Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасы бойынша міндеттемелер және төлемдер бойынша нақтыланған қаржыландыру жоспары бойынша 5920,0 мың теңге, бақылаумен қамтылған кезеңде төленген міндеттемелер 5890,9 мың теңге, нақты шығыс 5890,9 мың теңге.

2015 жыл

001-«Жергілікті деңгейде туризм саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша міндеттемелер және төлемдер бойынша нақтыланған қаржыландыру жоспары бойынша 18902,0 мың теңге, бақылаумен қамтылған кезеңде төленген міндеттемелер 18421,3 мың теңге, нақты шығыс 18421,3 мың теңге.

004-«Туристік қызметті реттеу шығындары» бюджеттік бағдарламасы бойынша міндеттемелер және төлемдер бойынша нақтыланған қаржыландыру жоспары бойынша 235084,0 мың теңге, бақылаумен қамтылған кезеңде төленген міндеттемелер 103333,8 мың теңге, нақты шығыс 103333,8 мың теңге.

2014 жылы 004 бағдарлама бойынша «Алматы облыстық туризм және ақпараттық қызмет көрсету орталығы» МКҚК-на 23070,9 мың теңге, 2015 жылы 004 бағдарлама бойынша 29130,0 мың теңге қаржыландыру бөлінгендіктен жоғарыда аталған шығыстарының құжаттарын бақылаумен қамтуға мүмкіншілік болмады.

Бақылаумен қамтылған кезеңде міндеттемелер мен төлемдері бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған қаражаттар негізінен игерілген. Нақтыланған жоспар, төленген міндеттеме қассалық шығыстар және нақты шығыстың көлемі ерекшеліктер бойынша талдау (актіге қосымша 1-кестеде) көрсетіледі.

Бюджеттік өтінімдерді жасауда, міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарының жасалуы мен орындалуында және өзгерістер енгізуде ҚР 04.12.2008 жылғы № 95 «Бюджет кодексі» (өзгерістер енгізілген), ҚР Үкіметінің 26.02.2009 жылғы № 220 «Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы», ҚР Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы № 540 «Бюджеттің атқарылуы және оған қассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығы, ҚР Үкіметінің 12.11.1998 жылғы №1118 «Бюджеттен қаржылайатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» бұйрығы және ҚР Қаржы Министрінің «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» 2013 жылғы 13 наурыздағы №73 бұйрығы негізге алынған. Еңбекақы қоры бекітілген штаттық кесте бойынша штаттық бірліктер санына сәйкес жасалынған тарификациялар негізінде есептелген. Шығыстарды жіктеу, экономикалық классификаторының әрбір ерекшеліктері бойынша қажетті қаржы көлемін анықтау есептері жасалынған. Бақылау бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

Банк және есеп операциялары: Банк және есеп айырысу операциялары ҚР Үкіметінің 26.02.2009 жылғы №220 «Бюджеттердің орындалуы және оған



26

«Кассалық қызмет көрсету туралы» қаулысы, ҚР Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы № 540 «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» бұйрығы және ҚР Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» ережелеріне сәйкес жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының № 4-20 Нысанына «Шығындардың жиынтық есебі» сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген бақылауда негізсіз ақша аудару сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан артық тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған. Бақылау бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес жасалды. Бұзушылықтар анықталмады.

Лауазымдық айлықақыларды, тарифтік ставкаларды, жалақыға үстемеақылар мен қосымша төлемдерді белгілеудің дұрыстығы. Мекемеде мемлекеттік қызметкерлер бойынша 9-штат бірлігі, орташа айлық еңбек ақы қоры 1001,9 мың теңге. Азаматтық қызметкерлердің тарифтеу тізімі бойынша 2 бірлік, орташа айлық еңбек ақы қоры 66,9 мың теңге. Мекеменің штат кестесін басқарма басшысы бекіткен. Мемлекеттік қызметшілерге еңбекақы қорытып төлеу ҚР Президентінің 17.01.2004 жылғы №1284 «Мемлекеттік бюджет қаражаты және ҚР Ұлттық Банкі сметасы (бюджеті) есебінен ұсталатын ҚР органдарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген), сыйақы ҚР Үкіметінің 29.08.2001 жылғы №1127 «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ҚР органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық қызметкерлерінің үстемеақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» қаулысына, өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Азаматтық қызметкерлердің еңбекақысы ҚР Үкіметінің 29.12.2007 жылғы №1400 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) және ҚР Үкіметінің 29.12.2007ж. №1394 «Орташа еңбек ақыны есептеп табу ережесін бекіту туралы» қаулыларына және ҚР 15.05.2007 жылғы №251 «Еңбек кодексі» талаптарына сәйкес есептеліп төленген. Еңбекке жарамсыздық парағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2007 жылғы №1339 «Әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау, төлеу сонымен қатар оның мөлшерін анықтау ережелерін бекіту туралы» қаулысы және оған

Р. Динишев

мен өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес есептелініп, төленген. Жұмыс уақытының ұзақтығын анықтау комиссиясы құрылған. Бақылау барысында еңбекақы, жалақы, үстеме ақылардың және сауықтыру жәрдемақыларының есептелуі мен төлеуі және қызметкерлермен есептесуде жұмысқа қабылданған туралы, жұмыс уақыты, еңбек демалысы туралы бұйрықтарын, жұмыс уақытын пайдалану ережелерін, арнайы мамандығы бойынша жұмыс өтілдері, лауазымдық міндеттері мен колданылған еңбекақы есептеу коэффициенттері дұрыстығына тексеру жүргізілді. Сонымен қатар бақылау барысында сыйақы төлеуде заңдағы бұзушылық анықталды:

1-тармақ. ҚР Үкіметінің 29.08.2001 жылғы №1127 «Мемлекеттік бюджет есебінен ҚР органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар төлеу ережесін бекіту туралы» (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысының 4-тармағының 2-тармақшаларының талаптары сақталмай 2014 жылдың 03-қыркүйегінде, мекемеге 2014 жылдың 30 шілдесінде №9-ж/к бұйрығымен жұмысқа қабылданып, мекемеде бір айдан кем жұмыс жасаған М.Асановаға 22356 теңге негізсіз төленген. (қосымша құжат тіркеледі).

2-тармақ. ҚР Үкіметінің 29.08.2001 жылғы №1127 «Мемлекеттік бюджет есебінен ҚР органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемеақылар төлеу ережесін бекіту туралы» (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысының 4-тармағының 2-тармақшаларының талаптары сақталмай 2014 жылдың 24 қарашасында және 09 желтоқсанында, мекемеге 2014 жылдың 12 қарашасында №16-ж/к бұйрығымен жұмысқа қабылданып, мекемеде бір айдан кем жұмыс жасаған бас маман А.Мухаметкаримовке 102641 (52890+49751) теңге негізсіз төленген. (қосымша құжат тіркеледі).

Есепті тұлғалармен есеп айырысу: Мекемеде есеп беретін тұлғаларға материалдық құндылықтар сатып алуға жауапкершілікке қолма қол ақша берілмеген. Бақылаумен қамтылған мерзім аралығында іссапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы аумағында іссапар ережесін бекіту туралы» 2000 жылдың 22 қыркүйегіндегі №1428 (кейінгі толықтырулар мен өзгертулер енгізілген) қаулысына, ҚР Үкіметінің 06.02.2008 жылғы №108 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің шет елдерде қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» қаулысына сәйкес жүргізіліп, ҚР Қаржы Министрлігінің 2009 жылғы 06 тамызындағы №331 «Мемлекеттік мекемелердің карт есебі және кассадағы ақша қалдығының лимитін анықтау, кассалық операцияларды жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес іссапар шығындары жеке карт шоттарына аудару арқылы жүргізілген. Бақылау

Асанов *Асанов* *Асанов* *Асанов*

31


бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес жасалды. Бұзушылықтар анықталмады.

Ғимараттар және қондырғылар бойынша күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарына қаражат жұмсаудың дұрыстығы. Мекемеде бақылаумен қамтылған кезеңде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Ағымды жөндеу жұмыстары қаржыландыру жоспары шеңберінде бөлінген қаражатқа жасалған. Бақылау бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес жасалды. Бұзушылықтар анықталмады.

Коммуналдық қызметтер үшін қаражат жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың бар-жоғы, олар бойынша базалар мен тарифтерді қолданудың дұрыстығы. Коммуналдық қызметке төлемдер, оның ішінде суық су, электр энергиясына төлемдер ҚР Үкіметінің 12.11.1998 жылғы №1118 «Бюджеттен қаржыланатын мекемелерде электр энергиясын, жылыту, ыстық және суық су басқа да коммуналдық қызметтер мөлшерлерін бекіту туралы» қаулысын басшылыққа алған. Жылытуға «Талдықорғантеплосервис» КМК-на, электр жарығына «Жетісуэнерготрейд» ЖШС-ің Талдықорған қалалық бөлімшесіне, телефон қызметі мен интернет жүйесіне төлемдер «Қазақтелеком» АҚ-ның Талдықорған қалалық филиалына, суық су және канализацияға «Жетісу су құбыры» МКҚК-на келісім шарттар негізінде берілген төлем шоты құжаттарына сәйкес төленген. Бақылау бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес жасалды. Бұзушылықтар анықталмады.

Негізгі қорлар мен активтердің, тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуы және есептен шығарылуы, олардың бухгалтерлік есепте анық және толық көрсетілуі. Мекеменің негізгі қорларының 01.10.2015 жылға баланстық құны 8340,8 мың теңге. Оның ішінде: машина және жабдықтар 538,3 мың теңге, транспорт (катер прицеппы) 330,3 мың теңге. Бақылау барысында негізгі қорлар мен материалдық құндылықтардың, есепке кірістелуі мен есептен шығарылу дұрыстығына бақылау жасалды.

Мекемеде жылдық есеп алдында түгендеулер өткізіліп тұрған. Негізгі қорларға жылдық тозу құны ҚР Қаржы министрінің 24.02.2011 жылғы № 95 «Бухгалтерлік есеп жүргізуінің және қаржылық есептіліктің кейбір мәселелерін реттеу туралы бұйрығының» 122-қосымшасына сәйкес есептелуде. Құны төмен тез тозатын заттар комиссиялы түрде мекеме басшысы бекіткеннен кейін шығысталған, канцелярлық тауарлар тарату ведомостары негізінде есептен шығарылған. Бақылау бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.



Ұйымдармен есеп айырысу: Кәсіпорындармен, ұйымдармен, мекемелермен екі жакты жасалған келісім шарттардың негізінде аткарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді дәлелдейтін құжаттарға сәйкес, төлем шоты құжатымен ақша аудару арқылы жүзеге асырылған. Есептілік жағдайын бақылауда басқарманың (аппарат) есеп тәртібі сақталған, 01.01.2015 жылға дебиторлық және кредиторлық қарыздары жоқ. Талап ету мерзімі өтіп кеткен өндіріп алуға үмітсіз дебиторлық берешектер болмаған. Бақылау бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

Артық алаңдар мен қондырғыларды мүлктік жалға беру дұрыстығы: Мекемеде бақылаумен қамтылған кезеңде артық алаңдар мен қондырғыларды мүлктік жалға беру болмаған. Бақылау бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

Мемлекеттік органдардың аппаратының пайдаланатын алаңдардың, қызметтік және арнайы автокөліктердің, қызметтік телефондардың пайдаланудың бекітілген нормаларға сай пайдаланылуы. Мекеме бойынша ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №335 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік органдардың аппаратын және ерекше үй-жайларын орналастыруға арналған алаңдар нормалары мен телефон байланысын пайдалану үшін тиесілілік нормалары» және ҚР Үкіметінің 11.08.2009 жылғы №1209 «Офистік жихаздарды сатып алу нормативтерін белгілеу туралы» қаулысының талаптары сақталған. Мекеме теңгерімінде жеке автокөлік жоқ. Бақылау бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

Бухгалтерлік есепті және бюджеттік бағдарламаларды орындау жөніндегі есептерді жасаудың анықтығы, тиісті орындарға қаржылық есептілікті жасаудың және ұсырудың уақтылығы: Мекемеде бақылаумен қамтылған кезеңде Бухгалтерлік есепті жүргізу ҚР Қаржы Министрінің 03.08.2010 жылғы № 393 «ҚР Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізуінің ережелерін бекіту туралы» және оған енгізілген 24.07.2012 жылғы № 348 өзгерту бұйрығын, ҚР Қаржы Министрінің 15.06.2010 жылғы № 281 «Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарын бекіту туралы» (11.07.2012 жылы өзгерістер енгізілген №338) бұйрықтарын басшылыққа алып ұйымдастырылған. Мекемеде жүргізілген есеп бойынша жиынтық мемориалдық ордерлер көрсеткіштері бас кітапта көрсетілген және жылдық, тоқсандық баланспен сәйкес келеді. Мекемеде қаржылық есептілік ҚР Қаржы Министрінің 08.07.2010 жылғы №325 «Қаржылық есептілікті жасау мен ұсынуының ережелерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес бухгалтерлік балансты, қаржылық іс әрекеттің нәтижелері бойынша есеп беру, қаржыландыру көздері

Ақыл *Дәуі* *Ақал*

Бойынша мемлекеттік мекеменің шоттарындағы қаржының қозғалысы бойынша есеп беру (тура әдіс), таза активтердің/ капиталдың өзгерістері бойынша есеп беру, қаржылық есептілікке түсініктеме жазба, т.б.есептер уақытылы жасалынып тиісті органдарға тапсырылған. Қоғамдық сектор үшін оның ішінде мемлекеттік мекемелердің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына 01.01.2013 жылдан бастап көшуіне байланысты және ҚР Қаржы Министірінің 07.09.2010 жылғы № 444 «Есеп саясаты» бұйрығына сәйкес мекеменің жеке есеп саясаты жасалған. Бақылау бағдарламаға және жұмыс жоспарының мәселелерінің тізбесіне сәйкес тексерілді. Бұзушылықтар анықталмады.

Бақылау жүргізудегі кедергілер: Болған жоқ.

Бақылау барысында қолданылған шаралар:

Бақылау нәтижесі бойынша 124997 теңге жергілікті бюджет табысына аударылу кажет. (код 206109)

Қосымшалар:


- 1). Бақылау объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап
- 2). Бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі. (17-қосымша)
- 3). Бақылаумен қамтылған бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) орындалуы бойынша ақпарат 1-кесте.
- 4). Бұзушылық фактілерін растайтын құжаттардың расталған көшірмелері мен анықтамалар.


Қолдар

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бақылау іс шараларын атқару бөлімінің басшысы  А. Жүнісбеков

Бақылау объектісінің лауазымды адамдары:

Басқарма басшысы  Ж. Алчимбаева

Инспектор  Р. Тілеуқабылова

Акт 2 дана болып жасалды, №1-ші дана № 006246 бланкте «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне, №2-ші дана №006247 бланкте «Алматы облысының туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесіне.

